Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанында құрылған «8D041 – Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыты және 6D050600, 8D04102 – Экономика, 6D051000, 8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару, 6D051700, 8D04105 – Инновациялық менеджмент, 6D051800, 8D04107 – Жобаларды басқару, 6D050800, 8D04108 – Есеп және аудит, 6D050900, 8D04110 – Қаржы, 6D051100, 8D04111 – Маркетинг, 6D051300, 8D04101 – Әлемдік экономика, 6D090900, 8D11301 – Логистика мамандықтар тобы / білім беру бағдарламалары бойынша

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Есеп мазмұны:

1. **Диссертациялық кеңес отырыстарының саны:** есепті кезеңде Диссертациялық кеңестің 33 отырысы өтті, соның ішінде 17 отырыс диссертациялық жұмыс қорғаулары болды.

2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан аз көлеміне қатысқан кеңес мүшесінің аты-жөні, әкесінің аты (егер бар болса) және тегі.

Диссертациялық кеңестің мүшелері – 7 адам. Соның ішінде 4 адам Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері, және 3 адам докторлық диссертация зерттеулерінің тақырыптарына сәйкес қорғау уақытына Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде тағайындалып отырды.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері э.ғ.д., профессор м.а. Сагиева Р.К. 2 отырысқа және э.ғ.к., профессор Даулиева Ғ.Р. 1 отырысқа дәлелді себептерге (жұмыс орнындағы маңызды шаруаларға) байланысты қатыспады.

3. Жоғарғы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (ЖЖОКБҰ) атауы көрсетілген докоранттар тізімі

№	Докоранттың ТАӘ	Докторант оқыған ЖЖОКБҰ, мамандық / ББББ шифрі	Ғылыми кеңесшілерінің ТАӘ
1	Рахметулина Айгерим Абаевна (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Универсеті, 8D04101 – Экономика	1. Раимбеков Жанарыс Сабирович – экономика ғылымдарының докторы, профессор, «С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Универсеті» КеАҚ, (Өскемен қ., Қазақстан). 2. Дубина Игорь Николаевич – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Алтай мемлекеттік университеті (Барнаул қ., Ресей Федерациясы).
2	Мышбаева Земфира Толегеновна (қорғауға қабылдау, диссертациялық	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ,	1. Сокира Татьяна Сергеевна - экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, экономика және

	кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару	бизнес жоғары мектебі, менеджмент кафедрасының доценті (Алматы қ., Қазақстан); 2. Бадулеску Даниел - PhD докторы, Орадя университетінің құрметті профессоры (Орадя қаласы, Румыния).
3	Кусмолдаева Жазира Нурасыловна (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, 6D051700 – Инновациялық менеджмент	1. Спанов Магбат Уарысбекович – экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Экономика және бизнес Жоғары мектебі, Менеджмент кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан); 2. Бессант Джон – PhD докторы, Эксетер инновация университетінің құрметті профессоры, (Эксетер қаласы, Ұлыбритания).
4	Дюсембина Сауле Хабдрахмановна (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	КИМЭП Университеті, 6D050800 – Есеп және аудит	1. Нурмаханова Мира Бектургановна – PhD докторы, профессор, "Есеп және қаржы" кафедрасының меңгерушісі, КИМЭП университеті (Алматы қ., Қазақстан) 2. Кунсу Парк – PhD докторы, ассистант-профессор, Бизнес және мемлекеттік басқару колледжі, Wenzhou-Kean University (Венгжоу қ., Қытай халық республикасы).
5	Батталов Назым Нурланович (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, 8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару	1. Қанғалақова Дана Мұратбекқызы - PhD докторы, қауымдастырылған профессор, ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігі Ғылым комитетінің «Экономика институты» РМК бөлім меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан) 2. Мухсин Кар - PhD докторы, Йылдырым Беязит Университеті Экономика кафедрасының профессоры, Түркия Республикасы Орталық Банкінің басқару мүшесі (Анкара қ., Түркия Республикасы).
6	Есімхан Гүлдана Еркінқызы (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	А. Байтұрсынұлы атын. Қостанай өңірлік университеті, 8D04101-Экономика	1. Сартанова Налима Телгораевна - экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, (Қостанай қ., Қазақстан); 2. Алыбаев Джапар Бузурманкулович - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Жүсіп Баласағын атындағы ұлттық университеті (Бішкек қ., Қырғызстан).
7	Бекбосинова Асель Серикжановна	Нархоз университеті,	1. Джунусов Адиль Мавленович – саяси ғылымдарының докторы, Абай

	(қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару	атын. ҚазҰПУ профессоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Жанетта Симанавичене – PhD докторы, Миколас Ромерис Университетінің профессоры (Вильнюс қ., Литва).
8	Садвакасова Камилла Габитқызы (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, 8D04110 - Қаржы	1. Нурмагамбетова Ажар Зейнуллаевна - экономика ғылымдарының кандидаты, PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қаржы және есеп» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан); 2. Джамшиди Дариуш – PhD, қауымдастырылған профессор, Низва университетінің Экономика, менеджмент және ақпараттық жүйелер колледжі (Низва қ., Оман).
9	Қанашаев Даулет Есенбайұлы (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	М. Әуезов атын. Оңтүстік Қазақстан Университеті, 8D04110 - Экономика	1. Есболова Айнур Ергазиевна – доктор PhD, Менеджмент кафедрасының доценті, М. Әуезов атын. Оңтүстік-Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан), 2. Мустафа Нурсой – доктор PhD, Мугла Ситки Кочман Университеті (Мугла қ., Түркия).
10	Сапарбек Нургул Курмановна (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, 8D04102 - Экономика	1. Нурланова Наиля Капеновна – экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты (Алматы қ., Қазақстан), 2. Шеломенцев Андрей Геннадьевич – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Владивосток мемлекеттік университеті (Владивосток қ., Ресей Федерациясы).
11	Кульмаганбетова Айсулу Султановна (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	С. Сейфуллин атын. ҚАТЗУ, 6D051100 - Маркетинг	1. Шуленбаева Фая Ахметовна – экономика ғылымдарының докторы, профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті (Астана қ., Қазақстан); 2. Стукач Виктор Федорович – экономика ғылымдарының докторы, профессор, П.А. Столыпин атындағы Омбы мемлекеттік аграрлық университеті (Омбы қ., Ресей Федерациясы).
12	Амангельдиева Бирганым Аскарқызы	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ,	1. Жидебекқызы Ақнұр – PhD, қауымдастырылған профессор, әл-

	(қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару	Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан); 2. Билан Свитлана (Bilan Svitlana)– PhD, қауымдастырылған профессор, Жешув технологиялық университеті (Жешув қ., Польша).
13	Казбекова Дамира Саматовна (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Esil University, «6D050600 – Экономика»	1. Галиева Алма Хайрбулдиновна – экономика ғылымдарының докторы, Esil University Бизнес және басқару факультеті Экономика және маркетинг кафедрасының профессоры (Астана қ., Қазақстан). 2. Шмарловская Галина Александровна – экономика ғылымдарының докторы, Беларус мемлекеттік университеті Халықаралық бизнес кафедрасының профессоры (Минск қ., Беларусь Республикасы).
14	Жұманов Азат Убайдуллаұлы (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, «8D11301 – Логистика (салалар бойынша)»	1. Кегенбеков Жандос Кадырханұлы – техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан-Неміс университетінің инжиниринг және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы (Алматы, Қазақстан). 2. Толуев Юрий – техника ғылымдарының Dr.hab., Көлік және байланыс институтының профессоры (Рига, Латвия).
15	Тажиев Рашид Ойыкбаевич (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, 8D11301 – Логистика (сала бойынша)	1. Баймұханбетова Эльмира Есенбековна – экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті «Бизнес-технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан). 2. Ташкин Дирсехан – PhD докторы, Мармара университетінің профессоры (Ыстамбұл қ., Түркия).
16	Сейтқан Ғалия Ғазизқызы (қорғауға қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, 8D04105 – Инновациялық менеджмент	1. Бектурганова Макпал Саттикуловна – PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика Институтының жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан). 2. Муаззам Али Хан Хаттак – Dr., профессор Куэйд-и-Азам университеті (Исламабад қ., Пәкістан).
17	Баймухаметова Айфер Жанатовна (қорғауға қабылдау, диссертациялық	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ,	1. Тулегенова Мадина Сакеновна – э.ғ.д., профессор, әл-Фараби атын. ҚазҰУ Экономика және бизнес Жоғары

	кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау, қорғау)	6D051700 – Инновациялық менеджмент	мектебі Экономика кафедрасы (Алматы қ., Қазақстан); 2. Валентина Де Марчи – PhD, профессор, Падуя Университеті (Падуя қ., Италия).

4. Диссертациялық кеңесте қарастырылған диссертациялық жұмыстарға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Рахметулина Айгерим Абаевнаның диссертациялық зерттеуі логистикалық инфрақұрылымды және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбегін дамыту мәселелеріне және олардың Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы және тұрақты өсуді қамтамасыз етудегі рөліне арналған. Автор алған нәтижелер мен әзірленген әдістемелік тәсілдер логистикалық инфрақұрылымның жұмыс істеуі мен дамуы және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбектері саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерді одан әрі дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Олар агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қатысатын мемлекеттік органдар мен ғылыми-зерттеу ұйымдары үшін ғылыми практикалық құндылыққа ие.

Мышбаева Земфира Толегеновнаның диссертациялық жұмысы ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған. Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар ерекше қажеттілігі бар адамдарды жұмыспен қамту мақсатында әлеуметтік саясатты дамытуға және осы зерттеуде көрсетілген салаларда күш- жігерді шоғырландыру арқылы ерекше қажеттілігі бар адамдардың әл-ауқатын жақсартуға қолдануға болады.

«Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласындағы инновациялық қызметті тиімді басқару» тақырыбындағы ***Кусмолдаева Жазира Нурасыловнаның*** диссертациялық жұмысы ҚР Денсаулық сақтау мекемелерінің инновациялық қызметін басқарудың қазіргі жай-күйін, проблемалары мен перспективаларын зерттеуге арналған. Диссертацияның теориялық маңыздылығы негізінен отандық және шетелдік авторлардың микро және мезо деңгейлеріндегі инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру әдіснамасы мәселелері бойынша ғылыми теорияларына негізделеді.

Дюсембина Сәуле Хабдрахмановнаның диссертациялық жұмысы компаниялардың салық және қаржылық есептілігі мен олардың қаржылық тиімділігі арасындағы өзара байланысты зерттеуге арналған. Зерттеу нәтижелері көптеген мүдделі тараптар үшін практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндіктерін ұсынады. Атап айтқанда, зерттеу активтерді, компания бөлімшелерін немесе іскерлік беделді (goodwill) бағалау кезінде ақша ағындарын болжауға енгізілетін түзетулер бойынша нақты ұсыныстар әзірлейді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері экономикалық даму бағдарламалары мен реформаларды әзірлеу барысында реттеуші органдар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар үшін маңызды болып табылады.

Батталов Назым Нурлановичтің диссертациялық зерттеуі елдің жергілікті атқарушы органдардағы тиімділікті басқару тәжірибесін, оның ішінде мемлекеттік жоспарлау, мониторинг, тиімділікті бағалау, мемлекеттік қызметшілерді дамыту және ынталандыру процестерін диагностикалау, сондай-ақ осы бағыттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Зерттеудің мақсаты – ЖАО қызметінің тиімділігін басқару практикасының кешенді диагностика жасау және оны жетілдіру шараларын әзірлеу.

"Ауылшаруашылығын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету мақсатында қаржылық қолдаудың экономикалық тетігі"тақырыбында жазылған ***Есімхан Гүлдана Еркінқызының*** диссертациялық жұмысы теориялық ережелерді нақтылау және Қазақстан Республикасында ауылшаруашылығын қаржылық қолдаудың экономикалық тетігін жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсынымдар әзірлеуге арналған. Диссертациялық зерттеуде талдау және синтез, модельдеу, индукция және дедукция әдістері, дерексіз-логикалық, салыстырмалы, экономикалық- статистикалық, есептеу-конструктивті, корреляциялық-регрессиялық талдау қолданылды.

Бекбосинова Асель Серикжановнаның диссертациялық зерттеуі мемлекеттің зейнетақымен қамтамсыздандыру жүйесін басқаруға әсер ететін факторлар кешенін экономикалық-математикалық моделдеу негізінде талдауға, Қазақстан зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша мемлекеттік басқару шараларын ұсынуға бағытталған. Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мемлекеттік басқару жүйесінде зейнетақымен қамсыздандыру саласын тиімді ұйымдастыру мен оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған саясатты әзірлеу үшін маңызды. Зерттеу барысында зейнетақы жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтау әдістері туралы жаңа білім алынды. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері жаңа зерттеу міндеттерін қоюға негіз бола алады.

«Авиациялық компанияларды қаржыландыру: теориясы, әдістемесі және тәжірибесі» тақырыбында жазылған ***Садвакасова Камила Габитқызының*** диссертациялық зерттеуі әлемдік қиындықтарға тап болған жағдайда әуе компанияларын қаржыландыруды жақсарту бойынша ғылыми негізделген әдіснамалық және практикалық ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Зерттеудің нысаны - қазақстандық әуе компанияларының негізгі қаржылық қызметі, әсіресе Air Astana тобына баса назар аудару. Зерттеу пәні авиациялық компанияларды қаржыландыру көздері мен әдістерін қалыптастыруға қатысатын экономикалық қатынастарды қамтиды.

Қанашаев Даулет Есенбайұлының диссертациялық жұмысының өзектілігі цифрлық экономиканы енгізу деңгейінде кілем өндіруші кәсіпорынның өндірістік процесін цифрландыруды қолдану бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс жағдайында олардың қызметінің әдістері мен тетіктерін әзірлеу ерекше маңыздылығымен сипатталады. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасында цифрлық технологияларды енгізудегі өндіруші кәсіпорындардың жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктері төңірегіндегі тәжірибесі талданған. Зерттеу жұмысындағы

салыстырмалы талдау, материалдарды өңдеу, статистикалық талдау, экономикалық және математикалық болжамдау сияқты зерттеудің әдістерін қолданумен негізделеді.

Сапарбек Нұргүл Құрманқызының диссертациялық зерттеуі тақырыбының өзектілігі аймақтардың тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу елдің бүкіл аумағында әлеуметтік экономикалық және экологиялық даму процестерін реттеуге назарды күшейтуді талап етуімен айқындалады. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамасы тұрақты аймақтық дамудың теориялық және әдістемелік негіздерін, Қазақстан аймақтарының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақтылығына қол жеткізудің басымдықтары мен ықтимал перспективалық сценарийлерін негіздеу, сондай-ақ оларды іске асыру тетіктерінің кешенін әзірлеу болды.

Кульмаганбетова Айсулу Султановнаның «Маркетингтік құралдар негізінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер нарығын дамыту (Ақмола облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нарықтық айналымын дамытуға арналған. Диссертациялық зерттеудің мақсаты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер нарығын серпінді дамытуға арналған маркетингтік құралдарды әзірлеу болып табылады. Зерттеудегі теориялық және әдіснамалық әзірлемелер Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер нарығын одан әрі дамыту үшін қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, мамандандырылған сайтты құрудың авторлық әзірлемесі ауыл шаруашылығы жерлерінің жер учаскелерімен мәмілелерді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасында циркулярлы экономиканың дамуын мемлекеттік реттеу» тақырыбында жазылған ***Амангельдиева Бірғаным Асқарқызының*** диссертациялық жұмысы циркулярлы экономиканың даму моделіне көшуді қамтамасыз ететін мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасында циркулярлы экономикасының қалыптасу процестерін кешенді зерттеуге бағытталған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі табиғи ресурстар тапшылығының артуы және қалдықтар көлемінің жылдам өсуі жағдайында циркулярлы экономика моделінің көптеген елдер үшін стратегиялық басымдыққа айналуымен байланысты.

«Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық механизмдері» тақырыбында жазылған ***Қазбекова Дамира Саматовнаның*** диссертациялық жұмысы өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық механизмдерін әзірлеуге арналған. Диссертацияның мақсаты – Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық механизмін әзірлеу. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық механизмін әзірлеуде және оның жүзеге асырылуына арналған тәжірибелік ұсыныстарды негіздеуде жатыр. Алынған жаңа нәтижелер

өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық механизмдерін талдаудың кешенді және инновациялық тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Жұманов Азат Убайдуллаұлының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының территориясымен өтетін халықаралық дәліздерді қарастырып, олардың түсінігін, ерекшеліктерін зерттей отырып, транзиттік әлеуетін арттыру үшін көлік-логистикалық инфрақұрылымды оңтайландыру мақсатында дәліздермен жүк тасымалдау үрдістерін жеткілікті дәлдікпен сипаттайтын имитациялық модель зерттеу әдісін қолдана отырып, жаңа стратегияның тұжырымдамасын әзірлеу мен ұсынуды қарастырады. Зерттеудің мақсаты – халықаралық көлік дәліздерінің экономикалық тиімділігі мен бәсекелестік артықшылықтарын арттыруға бағытталған көліктік-логистикалық инфрақұрылымды оңтайландыру үлгілерін әзірлеу және енгізу болып табылады.

«Көліктік-логистикалық қызмет көрсетудің цифрлық экожүйелерін дамыту негізінде автомобиль жүк тасымалдарын басқаруды жетілдіру» тақырыбында жазылған ***Тажиев Рашид Ойыкбаевичтің*** диссертациялық жұмысы көліктік-логистикалық қызмет көрсету саласында цифрлық экожүйелерді енгізу мен дамытуды негізге ала отырып, автомобиль жүк тасымалдарын басқару тетіктерін жетілдіруге бағытталған ғылыми тұрғыда дәлелденген ұсынымдар әзірлеу мәселесіне арналған. Диссертациялық жұмыста Қазақстандағы автомобиль жүк тасымалдарын басқаруға цифрлық экожүйелердің ықпалын бағалау мақсатында сандық деректерді талдау мен сапалық талдауды ұштастыратын аралас әдіс қолданылады. Бұл тәсіл көлік-логистика секторындағы цифрландырудың ағымдағы жай-күйі туралы жан-жақты түсінік алуға және оны енгізу жолындағы кедергілерді анықтауға мүмкіндік береді.

Сейтқан Ғалия Ғазизқызының диссертациялық жұмысы Қазақстандағы цифрлық хабтарды құруды басқаруды, оның ерекшеліктері мен механизмдерін зерттеуге арналған. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – теориялық және әдістемелік негіздерін анықтау және Қазақстан Республикасының аймақтарында цифрлық хабтарды құруды басқаруды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар беру. Зерттеудің теориялық маңыздылығы цифрлық хаб түсінігін толықтыруда және нақтылауда, цифрлық хабтарды құруды басқарудың функциялары мен бар қайшылықтарын анықтауда жатыр. Цифрлық хабтарды құруды басқару тетіктері мен процестерін әзірлеудің теориялық және әдістемелік негіздемесі, сондай-ақ Қазақстанда цифрлық хабтарды дамытудың тетіктері мен бағыттарын іске асыру бойынша ұсыныстарды негіздеу.

Баймухаметова Айфер Жанатовнаның «Қазақстан экономикасын технологиялық трансформациялау жағдайында инновациялық кәсіпкерлікті басқару» тақырыбындағы диссертациясы инновациялық кәсіпкерліктің басқару деңгейін арттырудың теориялық және әдістемелік тәсілдері мен практикалық ұсыныстарын әзірлеу, сондай-ақ макро және микро деңгейде

сапалы жоғары деңгейдегі инновациялық кәсіпкерлікті басқарудың моделін әзірлеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Рахметулина Айгерим Абаевнаның диссертациялық зерттеуінің теориялық және тәжірибелік нәтижелері Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының мақсаттарына сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мемлекеттік басымдыққа ие бағыттар бойынша қолданбалы зерттеулерде көрініс тапты, атап айтқандай ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру аясындағы «AP19677634 Қазақстан аумағында тез бұзылатын азық-түлік өнімдерінің логистикалық инфрақұрылымын және тұрақты жеткізу тізбектерін дамыту (2023-2025 жж.)» жобасында жүзеге асырылды.

Мышбаева Земфира Толегеновнаның диссертациялық зерттеуі аясында жасалған жұмыс пен әзірленген ұсыныстары «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспары" және Қазақстан Республикасы "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспары" нәтижелеріне сәйкес келеді.

Кусмолдаева Жазира Нурасыловнаның диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелері "Қазақстан 2050" Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында қолданылуы мүмкін.

Дюсембина Сәуле Хабдрахмановнаның диссертациялық жұмысында ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасының «2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары" және "Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарлары" аясында тиімді жүзеге асырылуы мүмкін.

Батталов Назым Нурлановичтің диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелері "Қазақстан 2050" Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының «2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары", Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңы және "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы" нәтижелеріне сәйкес келеді.

"Ауылшаруашылығын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету мақсатында қаржылық қолдаудың экономикалық тетігі"тақырыбында жазылған ***Есімхан Гүлдана Еркінқызының*** диссертациялық жұмысы «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030

жылдарға арналған тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы аясында жүзеге асырылатын шараларда тиімді қолданылуы мүмкін.

Бекбосинова Асель Серикжановнаның диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелері «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасы» оны әзірлеу кезінде өзекті, және "Қазақстан 2050" Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының «2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары" нәтижелеріне сәйкес келеді.

«Авиациялық компанияларды қаржыландыру: теориясы, әдістемесі және тәжірибесі» тақырыбында жазылған ***Садвакасова Камила Габитқызының*** диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының «2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары", «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заңы және әҚазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларын бекіту туралы" аясында жүзеге асырылатын шараларда тиімді қолданылуы мүмкін.

Қанашаев Даулет Есенбайұлының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы (02 қыркүйек 2024 ж.), «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелеріне сәйкес келеді.

Сапарбек Нұргүл Құрманқызының диссертациялық зерттеуінің материалдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті BR21882122 «Жасыл өсу контекстіндегі Батыс Қазақстан аймақтарының табиғи шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер" мегажобасы шеңберіндегі 7.3-міндеті бойынша «ТДМ индикаторларының ҚР аймақтық экономикалық-статистикалық индикаторлар жүйесімен сәйкестігін талдау" және ЖТН AP09259004 "Экономиканың құлдырауын еңсеру жағдайындағы Қазақстанның инклюзивті аймақтық дамуының басымдықтары мен тетіктері" жобасы бойынша іргелі зерттеулер шеңберінде қолданылды.

Кульмаганбетова Айсулу Султановнаның «Маркетингтік құралдар негізінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер нарығын дамыту (Ақмола облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінің нәтижелері Президенттің ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді және ұтымды пайдаланудағы ҚР халқына Жолдауында көзделген нақты міндеттерді шешуге, сондай-ақ ҚР АӨК дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында қойылған міндеттерді шешуге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері 2023-2025 жылдарға арналған «Ауыл шаруашылығы өнімдерін органикалық өндіру мен өңдеудің жаңа технологияларын әзірлеу»

ЖТН BR21882327 гранттық қаржыландыру жобасы бойынша іргелі зерттеулер шеңберінде қолданылды.

«Қазақстан Республикасында циркулярлы экономиканың дамуын мемлекеттік реттеу» тақырыбында жазылған ***Амангельдиева Бірғаным Асқарқызының*** диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында циркулярлы экономикасының қалыптасу процестерін кешенді зерттеу, Қазақстан Республикасының «2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары", "Қазақстан 2050" Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының іске асыру нәтижелеріне сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс AP09259851 «Қазақстандағы циркулярлы экономиканың дамуы: әлеует, тенденциялар, перспективалар» (2021-2023) және AP19576593 «Қазақстандық кәсіпорындардағы жауапты өндіріс потенциалын дамытудың келешегі мен дамуын бағалау құралы ретінде» (2023 2025 жж.) гранттық қаржыландырудың ғылыми жобаларын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды.

«Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық механизмдері» тақырыбында жазылған ***Қазбекова Дамира Саматовнаның*** диссертациялық жұмысы «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы" және «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асыру нәтижелеріне сәйкес келеді.

Жұманов Азат Убайдуллаұлының диссертациялық жұмысы «Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерін дамыту тұжырымдамасы» және Қазақстан Республикасының Президентінің 2024 жылғы 30 шілде айындағы №611 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» аясында жүзеге асырылатын шараларда тиімді қолданылуы мүмкін.

«Көліктік-логистикалық қызмет көрсетудің цифрлық экожүйелерін дамыту негізінде автомобиль жүк тасымалдарын басқаруды жетілдіру» тақырыбында жазылған ***Тажиев Рашид Ойыкбаевичтің*** диссертациялық жұмысы «Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы» аясында жүзеге асырылатын шараларда тиімді қолданылуы мүмкін.

Сейтқан Ғалия Ғазизқызының диссертациялық жұмысының нәтижелері «Экономикалық құлдырауды еңсеру жағдайында Қазақстанның инклюзивті өңірлік дамуының басымдықтары мен тетіктері» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранты, ЖТН AP09259004, 2021-2023 ж.ж.), «Урбанизация мен парниктік газдар шығарындыларының арақатынасына экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторлардың әсерін зерттеу» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранты, ЖТН AP19576071, 2023-2025 ж.ж.), «Қазақстанның өңірлік әлеуетін дамыту стратегиясы: әлеуметтік-мәдени және экономикалық даму әлеуетін бағалау»

(моделін, жол картасын, скрипт) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, BR18574240, 2022-2024) жобалары аясында жүзеге асырылды.

«Қазақстан экономикасын технологиялық трансформациялау жағдайында инновациялық кәсіпкерлікті басқару» тақырыбындағы ***Баймухаметова Айфер Жанатовнаның*** диссертациясы "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы», “Қазақстан 2050” Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының «2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары" нәтижелеріне сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Рахметулина Айгерим Абаевнаның диссертациялық зерттеуі аясында алған нәтижелері мен әзірленген әдістемелік тәсілдері логистикалық инфрақұрылымның жұмыс істеуі мен дамуы және агроазық-түлік өнімдерін жеткізу тізбектері саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерді одан әрі дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Олар агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қатысатын мемлекеттік органдар мен ғылыми-зерттеу ұйымдары үшін ғылыми практикалық құндылыққа ие. Ұсынылған әдістемелік нұсқаулық логистикалық көтерме-тарату орталығының жұмыс істеу механизмін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жеткізу тізбектерін оңтайландыруға, логистикалық шығындар мен өнімнің жоғалуын азайтуға ықпал етеді, агроазық-түлік секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқарады.

«Қазақстан Республикасында ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу» тақырыбында жазылған ***Мышбаева Земфираның*** диссертациялық жұмысының нәтижелері мемлекеттік органдар мен ұйымдар ерекше қажеттіліктері бар адамдар арасында жұмыспен қамтуды арттыру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу кезінде пайдаланыла алады. Нәтижелердің мақсатты тұтынушылары - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары. Бұл зерттеудің теориялық әзірлемелері әлеуметтік-экономикалық мамандықтар бойынша оқу және әдістемелік бағдарламаларды әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін.

Кусмолдаева Жазира Нурасыловнаның диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы зерттеу авторының тұжырымдары мен ұсынымдары денсаулық сақтауды тиімді басқару жүйесінде инновациялық технологияларды енгізуге және денсаулықты жақсарту және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған инновациялық механизмдерді анықтауға негізделген. Диссертацияның

ғылыми нәтижелері оқу қызметінде "Инновациялық менеджмент", "Бизнесті ұйымдастыру"курстарын оқытуда қолданылған.

Дюсембина Сәуле Хабдрахмановнаның диссертациялық жұмысының нәтижелері салықтық айырмашылықты кірістерді басқарумен байланысты салықтық міндеттемелерден жалтарудың көрсеткіші ретінде қарастырып, оны фирмалардың қызметін бағалауда қолдануымен айқындалады және Қазақстандағы инвестициялық ахуалды жақсарту және елдің капитал нарығын дамыту мақсатында бухгалтерлік ақпараттың маңыздылығын ескере отырып, аталған мәселелерді зерттеу Қазақстан үшін аса өзекті болып табылады.

Батталов Назым Нурлановичтің диссертациялық жұмысының тұжырымдарының теориялық және практикалық маңыздылығы: Қазақстандағы жергілікті атқарушы органдардағы өнімділікті басқарудың ұйымдастырушылық және жеке аспектілерін ескере отырып және заманауи басқару теорияларына негізделген жаңа тәсілдерін әзірлеуде жатыр. Анықталған институционалдық және практикалық мәселелерге негізделген ұсыныстар жүйенің тиімділігін жоспарлауды, мониторингті және бағалауды жақсарту арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасын одан әрі іске асыруға серпін бере алады. Ұсыныстар сонымен қатар мақсат қою, мотивация және даму бойынша нақты нұсқауларды қамтитын бірыңғай өнімділікті басқару нұсқаулығын қабылдау арқылы басқару механизмдерін түбегейлі қайта қараудың негізін қалауы мүмкін. Жұмыстың теориялық және қолданбалы маңыздылығы бейімделген мета-бағалаулар құралды жасауда да жатыр, ол бағалау тәжірибесін талдау үшін елдік деңгейде немесе басқа контексттерде қолданылуы мүмкін.

"Ауылшаруашылығын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету мақсатында қаржылық қолдаудың экономикалық тетігі"тақырыбында жазылған ***Есімхан Гүлдана Еркінқызының*** диссертациялық зерттеуінің нәтижелерінің практикалық маңыздылығы Практикалық маңыздылығы ауылшаруашылық ұйымдарын қаржылық қолдау процестерін оңтайландыруға арналған модель құру болып табылады. Әзірленген ұсынымдар мен ұсыныстарды аграрлық кәсіпорындардың басшылары мен мамандары, ауылшаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдары, сондай - ақ макро-және микроэкономикалық деңгейлерде басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде пайдалана алады. Ұсынылған шаралар ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, ауылшаруашылығы саласындағы инвестициялық ахуалды жақсартуға және соның салдарынан өндірісті ынталандыруға ықпал етуі мүмкін.

Бекбосинова Асель Серикжановна диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер зейнетақы жүйесінің дамуына ықпал етеді. Осы зерттеудің нәтижелері мемлекеттік органдар үшін, сондай-ақ халық үшін пайдалы болуы мүмкін. Қорытындылар, ұсыныстар мен ғылыми-практикалық ұсынымдар ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің стратегияларын, бағдарламаларын, тұжырымдамалары мен даму жоспарларын іске асыру, әзірлеу және жетілдіру кезінде ескерілуі және пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациядағы материалдар оқу процесінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Экономика» және «Қаржы» мамандықтары бойынша мамандарды даярлау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

«Авиациялық компанияларды қаржыландыру: теориясы, әдістемесі және тәжірибесі» тақырыбында жазылған ***Садвакасова Камила Габитқызының*** диссертациялық зерттеуінің тәжірибелік маңыздылығы жаһандану жағдайында авиакомпанияларды қаржыландыруда автормен ұсынылған қорытындылар мен нәтижелерді қазақстандық авиакомпанияларды дағдарыстық жағдайларда шарлау, олардан арылу үшін халықаралық тәжірибені бейімдеу, исламдық және жасыл қаржыландыру секілді түрлі қаржыландыру құралдарын енгізуде қолданылуымен айқындалады.

Қанашаев Даулет Есенбайұлының диссертациялық жұмысының тәжірибелік маңыздылығы – цифрлық технологияларды енгізу кезінде кілем өндіруші кәсіпорындарда зерттеу жұмысы барысында әзірленген шараларды қолдану мүмкіндігінде. Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы оның қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін цифрлық технологияларды енгізу негізінде кәсіпорынды дамытудың өндірістік үрдісін цифрландыру туралы ғылыми білімдерді дамытуда жатыр. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы цифрлық технологияларды енгізу кезінде кәсіпорында әзірленген шараларды қолдану мүмкіндігінде. Зерттеу нәтижелері «Бал Текстиль» ЖШС кәсіпорнында цифрлық технологияларды енгізу кезінде кәсіпорынның өндірістік үрдісін цифрландыру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеуде пайдаланылатын болады. Бұл зерттеу аясындағы ұсынымдарды енгізу туралы анықтамамен расталады.

Сапарбек Нұргүл Құрманқызының диссертациялық зерттеуінің тәжірибелік нәтижелері ел аймақтарының тұрақты дамуына көшудің ең ұтымды жолдары мен тетіктерін таңдау үшін пайдаланылуы мүмкін. Олар Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, ғылым және жоғары білім, өнеркәсіп және құрылыс, энергетика, экология және табиғи ресурстар министрліктерінде, республикалық және жергілікті басқару органдарында, ҒЗИ мен жоғары оқу орындарында қолданыла алады. Сонымен қатар, диссертациялық жзұмыс нәтижелері Қазақстанның республикалық және жергілікті билік органдары үшін экологияның жай-күйін және әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылық деңгейін мониторингтеудің әдістемелік құралдарының негізіне алынуы мүмкін.

Кульмаганбетова Айсулу Султановнаның «Маркетингтік құралдар негізінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер нарығын дамыту (Ақмола облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының тәжірибелік маңыздылығы мақсатты нарықта баға белгілеу және жылжыту маркетингтік тұжырымдамалары негізінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нарықтық айналымын дамыту бойынша әдістемелік және практикалық ұсынымдар әзірлеуді қамтиды. Зерттеу нәтижелерін жер-кадастрлық органдар әртүрлі мәмілелер: жалдау, сатып алу-сату, кепіл, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы оқу процесінде жердің құнын анықтау үшін қолдана алады. Зерттеудің бірқатар теориялық және практикалық

нәтижелерін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің оқу процесінде жер ресурстарының маркетингі мен жер нарығының дамуына байланысты курстарды зерттеу кезінде қолдануға болады.

«Қазақстан Республикасында циркулярлы экономиканың дамуын мемлекеттік реттеу» тақырыбында жазылған ***Амангельдиева Бірғаным Асқарқызының*** диссертациялық зерттеуінің теориялық маңыздылығы тұрақты экономикалық дамудың жаңа моделі ретіндегі циркулярлы экономиканы ғылыми тұрғыдан түсінуге, сондай-ақ айналмалы өтпелі кезең жағдайында мемлекеттік реттеуге тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдерді әзірлеуге қосқан үлесінде жатыр. Нәтижелер Қазақстанның институционалдық және экономикалық ортасындағы циркулярлы экономика қағидаттарын контекстке келтіру арқылы экологиялық экономикалық саясаттың, мемлекеттік басқарудың және тұрақты дамудың теориялық негіздерін кеңейтуге көмектеседі. Диссертация аясында әзірленген тұжырымдар мен құралдарды мемлекеттік органдар циркулярлы экономика саясатын қалыптастыру және енгізуде, даму институттары салалық жол карталарын жасауда және пилоттық жобаларды қолдауда, ал жергілікті атқарушы органдар циркулярлы қағидаттарды аймақтық даму стратегияларына енгізуде пайдалана алады.

«Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық механизмдері» тақырыбында жазылған ***Қазбекова Дамира Саматовнаның*** диссертациялық зерттеуі барысында алынған нәтижелер Қазақстан Республикасының өңдірістік саласындағы кәсіпкерлікті экономикалық ынталандыру механизмдерін дамытуға ықпал етеді. Өңдірістік салада кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктерін анықтауға қатысты қорытындылар, ұсыныстар және экономикалық ынталандыру механизмін әзірлеуге арналған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар мемлекеттік және аймақтық кәсіпкерлікті қолдау саясатын жетілдіру, сондай-ақ өңдірістік саланы дамыту стратегияларын әзірлеу мен түзету кезінде қаралып, пайдаланылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыста қамтылған материалдар «Менеджмент», «Экономика», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша мамандарды даярлау кезінде оқыту процесінде пайдаланылуы мүмкін.

Жұманов Азат Убайдуллаұлының диссертациялық жұмысының тәжірибелік маңыздылығына материалдық ағындар теориясының негіздеріне өз көзқарасы ұсынылып, сонымен қатар белгілі бір көлік дәлізінде тасымалдау процесін талдау және жоспарлау үшін қолдануға болатын модельді ұсыну жатады. Жүк тасымалын жоспарлау және болжау мәселелерімен айналысатын көптеген мамандар компьютерлік бағдарлама түрінде ұсынылған модельдеу тұжырымдамасын еш қиындықсыз жүзеге асыра алады. Бұл тұжырымдаманың басты ерекшелігі көлік дәлізі компоненттерінің ағымдағы жай-күйі туралы, сондай-ақ тасымалдауға сұраныстың күтілетін даму динамикасы және инфрақұрылымдағы жоспарланған өзгерістер туралы деректерді тікелей пайдалану болып табылады.

Тажиев Рашид Ойыкбаевичтің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған теориялық және әдіснамалық ережелер, «KazLogistics Hub» Ұлттық цифрлық платформасының жобасы мен соның негізінде цифрлық экожүйенің біріктірілген архитектурасы жиынтық логистикалық шығындарды негізді қысқарту және автомобиль жүк тасымалын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында көлік-логистикалық қызмет көрсетудің цифрлық экожүйелерін енгізу және дамыту бойынша стратегиялық шешімдерді әзірлеу кезінде, сонымен қатар Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде бакалаврларды, магистрлерді даярлауда пайдаланылуы мүмкін.

Сейтқан Ғалия Ғазизқызының диссертациялық жұмысының тәжірибелік маңыздылығы Қазақстанда цифрлық хабтарды құруды басқарудың тетіктері мен бағыттарын әзірлеу бойынша ұсыныстарды негіздеуде. Диссертация материалдарын экономикалық профильдегі университеттердегі «Инновациялық менеджмент», «Технологиялар трансферті және оны реттеу механизмдері», «Халықаралық технологиялар трансферті», «Цифрлық экономиканы басқару ерекшеліктері», «Интеллектуалдық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру», «Инновацияларды стратегиялық басқару» оқу курстарында қолдануға болады. Сондай-ақ, зерттеудің практикалық маңыздылығы цифрлық хабтардың жұмысын бағалаудың ұсынылған тетіктері, бағыттары мен әдістемесі Қазақстан Республикасында цифрлық хабтарды құру процесінде қолданылуы мүмкін екендігінде.

Баймухаметова Айфер Жанатовнаның диссертациясының теориялық және әдіснамалық нәтижелері инновациялық даму теориясына қатысты болуы мүмкін және үкіметтің цифрландыру және технологиялық трансформация жағдайында индустриалды-инновациялық дамудың жаңа қысқа және ұзақ мерзімді стратегияларын әзірлеуіне негіз бола алады, бұл тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар салалық құрылымы ұзақ мерзімді перспективаға бағытталған және экономикалық даму жағдайлары жоғары технологияларды дамытуға қолайлы емес өтпелі экономикасы бар басқа елдерде де байқалады. Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы оларды инновациялық кәсіпорындардың, соның ішінде стартаптардың кәсіпорынды басқару тиімділігін арттыру үшін қолдануында жатыр. Диссертацияның теориялық және әдіснамалық негізін экономикалық мамандықтарға арналған білім беру бағдарламаларында, атап айтқанда «Инновациялық менеджмент» курсында пайдалануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Әрбір диссертациялық жұмыстың мазмұнын талдауға және рецензиялауға екі ресми рецензенттен тағайындалды. Ресми рецензенттер ретінде ғылым докторы, ғылым кандидаты немесе философия докторы (PhD) және экономика салаларында жұмыс істейтін, диссертациялық жұмыстың тиісті зерттеу бағыты бойынша 5-тен (бестен) кем емес ғылыми еңбектері бар, диссератция тақырыбына зерттеулері жақын отандық және шетелдік ғалымдар тағайындалды.

Ресми рецензенттерді тағайындау барысында диссертациялық кеңес рецензенттер мен докторанттардың бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алды.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша рецензияларын ұсынды, олар диссертацияның ғылыми даму үрдістеріне және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін, жұмыстың өзектілігін, диссератциялық жұмыстардың жаңалық, тәуелсіздік, сенімділік, ішкі бірлік, тәжірибелік практикалық құндылық, академиялық тұтастық қағидаттарына сәйкестігін бағалады және философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытындыларын берді.

Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмесі қорғау бекітілген күнге дейін 5 жұмыс күні бұрын докторанттарға табысталды және университеттің ресми интернет-сайтында ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- диссертациялық кеңеске қорғауға ұсыналған диссертациялық жұмыстардың алдын-ала ресми экспертизадан өтуі тәжірибесін қайта жандандыру;
- диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен рецензенттердің іздеу және бекіту мерзімдерін ұзарту;
- диссертациялық жұмысты қорғау барысында толтырылуы қажет құжаттар санын қысқарту туралы ұсыныстар жасалды.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

№	Мамандығы / Білім беру бағдарламасы	6D050600, 8D04102 – Экономика	6D051000, 8D04103 – МжЖБ	6D051700, 8D04105 – Инновациялық менеджмент	6D051800, 8D04107 – Жобаларды басқару	6D050800, 8D04108 – Есеп және аудит	6D050900, 8D04110 – Қаржы	6D051100, 8D04111 - Маркетинг	6D090900, 8D11301 – Логистика
1	**қорғауға қабылданған диссертациялар** (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының)	5	4	3	-	1	1	1	2
2	**қараудан алып тасталған диссертациялар** (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-

3	**ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар** (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
4	**қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар** (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
5	**пысықтауға жіберілген диссертациялар** (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
6	**қайта қорғауға жіберілген диссертациялар** (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасы,
э.ғ.д., профессор **Мухамедиев Б.М.**

Диссертациялық кеңес ғылыми
хатшысы, PhD **Калиева А.Е.**

«13» қаңтар 2026 ж.